**Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын жекелеген тауарларға қатысты өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 25 мамырдағы № 59 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3 т. қараңыз

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-тармақтарына, 2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімнің 2.4-бабына, 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағының құрылуына әкелетін уақытша келісімнің 2.4-бабына және **Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 4-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:**

1. Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан № 1 қосымшаға сәйкес қосалқы субпозициялар алып тасталсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына № 2 қосымшаға сәйкес қосалқы субпозициялар енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін;

г) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 95С ескертпемен толықтырылсын:

"[95С)] Кедендік құнның 0 (нөл) %-і мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының ставкасы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 25 мамырдағы № 59

шешімі күшіне енген күннен бастап 2023 жылғы 31 мамырды қоса алғандағы аралықта қолданылады.".

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне № 4 қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне, сондай-ақ Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын жекелеген тауарларға қатысты өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енген күні күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* — *М. Мясникович*

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 25 мамырдағы
№ 59 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан алып тасталатын ҚОСАЛҚЫ СУБПОЗИЦИЯЛАР

| СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Қосымша өлш. бірл. |
|---|---|---|
| 3824 99 960 9 | – – – – – – – өзгелері | – |
| 3920 10 890 0 | – – – өзгелері | – |
| 7007 19 800 1 | – – – – қабырғаларының мөлшері кемінде 650 мм, бірақ 2200 мм аспайтын, қалыңдығы кемінде 3,2 мм, бірақ 10 мм аспайтын, құрамындағы темір оксиді 0,02%-тен аспайтын, беті қырланған немесе толқын тәріздес, немесе пирамида тәрізді тік төртбұрыш нысанында | $м^2$ |
| 7007 19 800 9 | – – – – өзгелері | $м^2$ |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 25 мамырдағы
№ 59 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына енгізілетін ҚОСАЛҚЫ СУБПОЗИЦИЯЛАР

| | | | |
|---|---|---|---|

| | СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Қосымша өлш. бірл. |
|---|---|---|---|
| | 3824 99 960 4 | – – – – – – – ішінде титаннан жасалған түтікшесі бар, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын, индий тотығынан және қалайы тотығынан магнетронды шашырату қондырғысының нысанасы[5)] | – |
| | 3824 99 960 5 | – – – – – – – күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын олигосахаридтер, калий гидроксиді мен полиэтиленполипропиленгликоль қоспасының су ерітіндісі[5)] | – |
| + | 3824 99 960 9 | – – – – – – – өзгелері | – |
| | 3920 10 890 | – – – өзгелері: | |
| | 3920 10 890 1 | – – – – қалыңдығы 50 мкм полиэтилентерефталат қабатынан тұратын, екі жағынан әрқайсысының қалыңдығы 100 мкм этилен полимерлері жағылған, ені кемінде 100 мм, бірақ 1150 мм аспайтын орамдардағы, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын оқшаулау пленкасы[5)] | – |
| | 3920 10 890 2 | – – – – ені кемінде 650 мм , бірақ 1100 мм аспайтын орамдардағы қалыңдығы 450 мкм, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын этилен полимерлерінен жасалған пленка[5)] | – |
| | 3920 10 890 9 | – – – – өзгелері | – |
| | | – – – – қабырғаларының мөлшері кемінде 650 мм, бірақ 2200 мм аспайтын, қалыңдығы кемінде 3,2 мм, бірақ 10 мм аспайтын , құрамындағы темір оксиді 0,02%-тен | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | аспайтын, беті қырланған немесе толқын тәріздес, немесе пирамида тәрізді тік төртбұрыш нысанында:* | |
| | 7007 19 800 2 | – – – – – екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 1599 мм, бірақ 2200 мм аспайтын және екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 899 мм, бірақ 1201 мм аспайтын, қалыңдығы кемінде 3,2 мм, бірақ 3,4 мм аспайтын, құрамындағы темір тотығы 0,015%-тен аспайтын, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын[5)] | м² |
| | 7007 19 800 3 | – – – – – өзгелері | м² |
| | | – – – – өзгелері: | |
| | 7007 19 800 4 | – – – – – екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 1599 мм, бірақ 2201 мм аспайтын және екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 899 мм, бірақ 1201 мм аспайтын, қалыңдығы кемінде 1,8 мм, бірақ 2,7 мм аспайтын, құрамындағы темір тотығы 0,015%-тен аспайтын, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын, беті қырланған немесе толқын тәріздес, немесе пирамида тәрізді тік төртбұрыш нысанында[5)] | м² |
| | 7007 19 800 8 | – – – – – өзгелері | м² |

*Коды жоқ қосалқы субпозиция ЕАЭО СЭҚ ТН 7007 19 800 қосалқы субпозициясынан кейін.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 25 мамырдағы
№ 59 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

## Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының СТАВКАЛАРЫ

| | СЭҚ ТН коды | Позицияның атауы | Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құннан процентпен, не евромен, не АҚШ долларымен) |
|---|---|---|---|
| | 3824 99 960 4 | – – – – – – – ішінде титаннан жасалған түтікшесі бар, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын, индий тотығынан және қалайы тотығынан магнетронды шашырату қондырғысының нысанасы [5)] | 5[95С)] |
| | 3824 99 960 5 | – – – – – – – күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын олигосахаридтер, калий гидроксиді мен полиэтиленполипропиленгликоль қоспасының су ерітіндісі[5)] | 5[95С)] |
| + | 3824 99 960 9 | – – – – – – – өзгелері | 5 |
| | 3920 10 890 1 | – – – – қалыңдығы 50 мкм полиэтилентерефталат қабатынан тұратын, екі жағынан әрқайсысының қалыңдығы 100 мкм этилен полимерлері жағылған, ені кемінде 100 мм, бірақ 1150 мм аспайтын орамдардағы, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын оқшаулау пленкасы[5)] | 6,5 |
| | 3920 10 890 2 | – – – – ені кемінде 650 мм , бірақ 1100 мм аспайтын орамдардағы қалыңдығы 450 мкм, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын этилен полимерлерінен жасалған пленка[5)] | 6,5 |
| | 3920 10 890 9 | – – – – өзгелері | 6,5 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 7007 19 800 2 | – – – – – екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 1599 мм, бірақ 2200 мм аспайтын және екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 899 мм, бірақ 1201 мм аспайтын, қалыңдығы кемінде 3,2 мм, бірақ 3,4 мм аспайтын, құрамындағы темір тотығы 0,015%-тен аспайтын, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын5) | 595С) |
| | 7007 19 800 3 | – – – – – өзгелері | 5 |
| | 7007 19 800 4 | – – – – – екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 1599 мм, бірақ 2201 мм аспайтын және екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 899 мм, бірақ 1201 мм аспайтын, қалыңдығы кемінде 1,8 мм, бірақ 2,7 мм аспайтын, құрамындағы темір тотығы 0,015%-тен аспайтын, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын, беті қырланған немесе толқын тәріздес, немесе пирамида тәрізді тік төртбұрыш нысанында5) | 1095С) |
| | 7007 19 800 8 | – – – – – өзгелері | 10 |

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2021 жылғы 25 мамырдағы
№ 59 шешіміне
№ 4 ҚОСЫМША

**Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 16 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі кедендік әкелу бажы мөлшерлемелерін өзгерту туралы шешім қабылдайтын сезімтал тауарлардың тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН коды 3920 10 890 0 позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **– – – – қалыңдығы 50 мкм полиэтилентерефталат қабатынан тұратын, екі жағынан әрқайсысының** | |

| | |
|---|---|
| **"3920 10 890 1** | **қалыңдығы 100 мкм этилен полимерлері жағылған, ені кемінде 100 мм, бірақ 1150 мм аспайтын орамдардағы, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын оқшаулау пленкасы[5)]** |
| 3920 10 890 2 | – – – – ені кемінде 650 мм, бірақ 1100 мм аспайтын орамдардағы қалыңдығы 450 мкм, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын этилен полимерлерінен жасалған пленка[5)] |
| 3920 10 890 9 | – – – – өзгелері". |

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 30 маусымдағы № 68 шешімімен бекітілген Қырғыз Республикасы өтпелі кезең ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінде белгіленген баждар мөлшерлемелерінен өзгеше кедендік әкелу баждары мөлшерлемелерін қолданатын тауарлар мен мөлшерлемелердің тізбесінде ЕАЭО СЭҚ ТН коды 3824 99 960 9 позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **"3824 99 960 4** | **– – – – – – – ішінде титаннан жасалған түтікшесі бар, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын, индий тотығынан және қалайы тотығынан магнетронды шашырату қондырғысының нысанасы[5)]** | **0** | **0** | **0** | **0** | **0** | **0** | **БКТ ставкасы** |
| 3824 99 960 5 | – – – – – – – күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын олигосахаридтер, калий | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | гидроксидімен полиэтиленполипропиленгликоль қоспасының су ерітіндісі[5)] | | | | | | | БКТ ставкасы |
| 3824 99 960 9 | – – – – – – – өзгелері | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | БКТ ставкасы". |

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген 2015 жылғы 29 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылатын жекелеген тауарлардың және осындай ставкалар мөлшерінің тізбесінде:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН коды 3920 10 400 0 позиция мынадай мазмұндағы позициямен ауыстырылсын:

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **– – – – фотоэлектр элементтерінің электродтарын бекітуге арналған, қалыңдығы кемінде 10,8 мкм, бірақ 13,2 мкм аспайтын полиэтилентерефталат қабатынан және қалыңдығы кемінде 59,2 мкм,** | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **"3920 10 400 1** | **бірақ 72,8 мкм аспайтын этилен полимерінен жасалған қабаттан тұратын, ені кемінде 144,6 мм, бірақ 145,4 мм аспайтын, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын пленка5)** | **7,5** | **7,5** | **7,5** | **7,5** | **7,5** | **7,5** | **7,5** | **7,5** | **7,5** | **7,5** |
| 3920 10 400 9 | – – – – өзгелері | 7,5 | 7,5 | 7,5 | 7,5 | 7,5 | 7,5 | 7,5 | 7,5 | 7,5 | 7,5"; |

б) ЕАЭО СЭҚ ТН коды 7007 19 800 9 позиция мынадай мазмұндағы позициямен ауыстырылсын:

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **– – – – – екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 1599 мм, бірақ 2201 мм аспайтын және** | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| "7007 19 800 4 | екі қарсы қабырғасының мөлшері кемінде 899 мм, бірақ 1201 мм аспайтын, қалыңдығы кемінде 1,8 мм, бірақ 2,7 мм аспайтын, құрамындағы темір тотығы 0,015%-тен аспайтын, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын, беті қырланған немесе толқын тәріздес, немесе пирамида тәрізді тік төртбұрыш нысанында[5)] | 12,3 | 10,9 | 9,5 | 8,2 | 6,8 | 5,5 | 4,1 | 2,7 | 1,4 | 0 |
| | _ _ _ _ _ | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7007 19 800 8 | өзгелер і | 12,3 | 10,9 | 9,5 | 8,2 | 6,8 | 5,5 | 4,1 | 2,7 | 1,4 | 0". |

4. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 22 қаңтардағы № 10 шешімімен бекітілген 2018 жылғы 17 мамырдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда аймағын құруға алып келетін уақытша келісімге сәйкес кедендік әкелу баждарының преференциялық ставкалары қолданылатын тауарлардың тізбесінде және осындай ставкалардың мөлшерінде:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН коды 3920 10 400 0 позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

| | | |
|---|---|---|
| **"3920 10 400 1** | **– – – – фотоэлектр элементтерінің электродтарын бекітуге арналған, қалыңдығы кемінде 10,8 мкм, бірақ 13,2 мкм аспайтын полиэтилентерефталат қабатынан және қалыңдығы кемінде 59,2 мкм, бірақ 72,8 мкм аспайтын этилен полимерінен жасалған қабаттан тұратын, ені кемінде 144,6 мм, бірақ 145,4 мм аспайтын, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын пленка[5)]** | **3,3** |
| 3920 10 400 9 | – – – – өзгелері | 3,3"; |

б) ЕАЭО СЭҚ ТН коды 3920 10 890 0 позиция мынадай мазмұндағы позициялармен ауыстырылсын:

| | | |
|---|---|---|
| **"3920 10 890 1** | **– – – – қалыңдығы 50 мкм полиэтилентерефталат қабатынан тұратын, екі жағынан әрқайсысының қалыңдығы 100 мкм этилен полимерлері жағылған , ені кемінде 100 мм, бірақ 1150 мм аспайтын орамдардағы, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын оқшаулау пленкасы[5)]** | **0** |
| 3920 10 890 2 | – – – – ені кемінде 650 мм, бірақ 1100 мм аспайтын орамдардағы қалыңдығы 450 мкм, күн батареяларының өндірісі үшін пайдаланылатын этилен полимерлерінен жасалған пленка[5)] | 0 |
| 3920 10 890 9 | – – – – өзгелері | 0". |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК